

Облыстық мәслихаттың (V сайланған XXXIV сессиясы) 2014 жылғы 20 тамыздағы "Амбулаториялық емделу кезінде дәрі-дәрмектерді қосымша ұсыну туралы" № 287/34 шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Павлодар облыстық мәслихатының 2014 жылғы 12 желтоқсандағы № 310/37 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 26 желтоқсанда № 4228 болып тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облыстық мәслихатының 2018 жылғы 14 маусымдағы № 236/22 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облыстық мәслихатының 14.06.2018 № 236/22 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Кодексінің 9-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына сәйкес Павлодар облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. Облыстық мәслихаттың 2014 жылғы 20 тамыздағы (V сайланған XXXIV сессиясы) "Амбулаториялық емделу кезінде дәрі-дәрмектерді қосымша ұсыну туралы" № 287/34 шешіміне (Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4020 болып тіркелген, 2014 жылғы 16 қыркүйектегі "Сарыарқа самалы" газетінде, 2014 жылғы 16 қыркүйектегі "Звезда Прииртышья" газетінде жарияланған) келесі өзгеріс енгізілсін:

1-тармақ келесі мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"алғашқы иммунодефицит ауруына шалдыққандар үшін – "Имукин" интерферон гамма-1 рекомбинанттық препараты.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау облыстық мәслихаттың әлеуметтік және мәдени даму мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

3. Осы шешім алғаш рет ресми жарияланған күннен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Облыстық мәслихат хатшысы

А. Оспанова

В. Берковский

